

Қазақстан халқы ассамблеясы


ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ



referatiki.ru

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ
БҰЛ БІРЕГЕЙ ИНСТИТУТ ЕЛІМІЗДЕГІ БАРЛЫҚ
ЭТНОС ӨКІЛДЕРІН ОРТАҚ МАҚСАТҚА
ҰЙЫСТЫРА ОТЫРЫП, РЕСПУБЛИКАДАҒЫ
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ МЕН ЕЛ ДАМУЫНЫҢ
МАҚСАТЫНА АЙТУЛЫ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ.
АССАМБЛЕЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ АРҚАСЫНДА
ҚАЗАҚСТАНДА ЭТНОСТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ
ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАМАСТАН ӘРБІР
АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯМЕН КЕПІЛДІК
БЕРІЛГЕН АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
ЕРКІНДІГІ ТОЛЫҒЫМЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ
КЕЛІСІМНІҢ АЙРЫҚША ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСТЫ.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПЭТНОСТЫҚ БАЙ
КЕНІСТІГІНДЕ СЕНІМ КЕПІСІМ МЕН ӨЗАРА**



Ассамблея туралы Заң

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ассамблея туралы Заң 2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды. Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ассамблеяның парламенттік өкілдігі

- Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі этностық топ өкілдері мүдделерін жоғары заң шығару органында – ел Парламентінде білдіру болып табылады. Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған Парламент Мәжілісінің 9 депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық бастамашылық құқығын жиі пайдаланады. Этносаралық қатынастарға қатысты қабылданатын барлық заң жобалары депутаттардың тиісті сараптауынан өтеді.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**